

## **1- модуль. Деректану теориясы**

### **Лекция тақырыптары**

#### **Дінтандудағы деректеметану теориясы .**

Дінтандудағы деректандудың деңгейі мен құрылымы. Дінтандушылық және тарихи деректандудың өзара байланысы. Деректандудың теориялық және әдістемелік байланысы. Дінтандушылық ғылым тарихы және оның жеке салалары бойынша зерттеу.

Дінтандудағы деректану проблемалары: діни дерек пен тарихи нақтылықтың ара қатынасы, зерттелінетін діни құбылыстың объективті проблемасы, діни фактілерді өз байланысы ішінде жаңалау, таңдаудың ерекшеліктері, таңдалған тақырыпқа қатысты дінтандушылық деректерді талдау және зерттеу. «Дінтандушылық дерек» жайлы түсінік, «дінтандушылық дерек» түсінігінің көлемі, дінтандушылық дерек болмысын анықтау, «діни құбылыс», «дінтандушылық дерек», дінтандушы категорияларының ара қатынасы. Тарихи шындық, дұрыстық, нақтылықтың ара қатынасы. Деректің формасы мен мазмұнының өзара байланысы. Жалған және жасанды.

#### **Діни деректердің типологиясы.**

Түрлі тарихи дәуірлер бойынша діни деректердің типологиясы. Деректердің түрлері мен типтері: сөздік деректер, мәтіндік деректер, заттай ескерткіштер, этнографиялық деректер, көркем сурет деректері, музикалық шығармалар. Жеке діни деректердің сипаттамасы. Деректердің типтік комбинациялары. Діннің белгілік жүйелері: өнер тілі, музика тілі, бейнелеу өнер тілі, сәулет өнер тілі, би тілі, архитектуралық стиль тілі және т.б. Діни культ. Әдеби ескерткіштер (уағыздар, діни шығармалар және т.б.).

#### **Дінтандудағы деректану әдістемесі.**

Діни деректерді зерттеудің методологиялық принциптері. Діни деректермен жұмыс істеудің әдістері. Деректердің авторлығы мен пайда болған орыны. Салыстырмалы деректану: әртүрлі типтегі деректерді зерттеудің жалпы тәсілдері, әртүрлі коммуникативті байланыс жүйесіндегі түрлі типтегі деректердің орыны, әр түрлі деректердегі діннің бейнелену ерекшеліктері. Салыстырмалы деректану элементтері. Таңдамалы әдіс. Деректерді синтездеу және анализдеу әдістері. Корреляциялық және регрессивтік анализ әдістері. Текстологиялық әдіс. Жабаша деректердің тарихи-филологиялық анализі. Хронологиялық жүйелілікті анықтау. Белгілік жүйелерді оқу. Статистикалық анализ әдістері. Діни деректерді сынаудың проблемалары. Деректік ақпараттың қазіргі жинақтау және анализдеу

әдістері. Тарихи деректерді сақтайтын қазіргі орталықтар және оларды ұйымдастыру принциптері. Діни деректерді жинақтауда және жүйелеуде компьютерлік техниканы ұйымдастырудың әдісі мен техникасы. Діни деректерді сарапшылық бағалау.

## **2- модуль . Шығыс діндерінің көне жазбалары**

### **Конфуцишылдықтың негізгі канондарымен жұмыс жасау.**

Конфуцишылдықтың негізгі кітаптары. Лунь юй- Конфуцидың әңгімелері мен ойлары. Конфуцидың өмірі мен ілімінің негіздеріне шолу жасау. Жиналған мәліметтер туралы шығыс және батыс ғалымдарының зерттеулері. Да сюэ ұлы ілім (Конфуцишылдыққа кіріспе). Конфуци ілімінің мазмұны мен мәні. Чжуң յон - тең орта туралы ілім. Конфуцишылдықтың дамуы. Мен-Цзы ойлары. Меньцияның қанатты сөздерінің философиялық мәні. Сяо цзин – ұлдық құрмет туралы кітап және оның тарихи-әлеуметтік мән-мағынасы. Конфуцишылдық канондар жиынтығы. Олардың хронологиясы. И цзин - Өзгерістер кітабы. Иу цзин - Тарих кітабы. Ши цзинь – Өндөр кітабы. Ли цзин – дәстүрлер және міндеттер кітабы. Чюнь цю – Көктем мен күз. Жылнама. Конфуцишылдық канондардың мазмұны мен мәні, өзіндік ерекшеліктер.

### **Ведалық әдебиеттер.**

Ведалардың пайда болуы. Ведалық әдебиеттердің мақсаты. Ведаларды зерттеудің эмприкалық әдістері. Ведаларға байланысты тарихшылардың көзқарастары. Архиология және антропологияның Ведаларға қатысты қорытындылары. Лингвистикалық зерттеулердің ведаларға берген бағалары. Самхиттер. Ведалық гимндер. Брахмандар. Араньяктар. Упанишадтар. Ведаларға берілген түсініктемелер. Шанкараның Ведаларға берген бағасы. Ведалардың Батысқа таралу тарихы. Аудармалар және Ведалық әдебиеттердің батыстық варианттарының ерекшеліктері. В. Джонс, Ч. Уилкинс, Т. Кольбрук, О. Т. Вильсон сияқты ғалымдардың ведатануға қосқан үлестері.

### **Буддизмнің қасиетті кітаптары.**

Трипитаканың мәні мен мазмұны. Виная-питака (ордендер уставы) және оның жүйесі. Пратимокша – Зандар. Кхандана – зандарға берілген түсіндірмелер (Махавагга және Чуллавагга). Паривара – зандардың ережелерін игеру үшін берілген кеңестер жиынтығы. Сутта – Питака (Будданың кеңестері) Дигха – Никая (Махапаринибона, Тевиджа және басқалары, барлығы 34 сутта) және оның мазмұны. Маджхима – Никая. Будданың әлем, табиғат және адам туралы әңгімелер жинағы. (150 әңгіме). Самьютта-Никая (Дхаммапада, Сутта-Нипата, Джатаки және т.б. барлығы 15 кітап). Абидхарма-питака жеті трактат. Буддизм канондарына жасаған ағылшын, француз т. б. батыстық ғалымдарының аудармалары және зерттеу жұмыстары.

### **3- модуль. Канондармен жұмыс жасау әдістері**

#### **Иудаизмдегі қасиетті көне жазбалардың жазылу тарихы.**

Яхудиліктегі қасиетті көне жазбалар жинағының пайда болуы. Бұл жазбалардағы еврей тарихы, діні мен дәстүрлері. Жазбалардың жүйесі, тілі, жазылу ерекшеліктері. Жазбалардағы “Көне өсиет” кітаптарындағы тарауларға негіз болған мәтіндер. Яхвит мәтінінің жазылу тарихы. Элохит мәтіні. Нақылдар жинағының мазмұны мен мәні. Заңды қайталау кітабы. Таураттың пайда болуы. Таураттың тарихи-әлеуметтік мәні. Сагесс (даналық) кітабы. Нақылдар кітабы және оның ғасырлар бойы өзгеріссіз сақталуы. Эйюб кітабы. Эклезиаст (уағызддаушы) кітаптары. Рут, Эстер, Жұніс, Тоби және Жудит кітаптары және бұларға байланысты зерттеу жұмыстарының қорытындылары. Көне өсиет мәтіндерінің бір жүйеге келуі. Көне өсиетті жинақтау және оны қалпына келтіру. Көне Өсиетке байланысты зерттеулердің хронологиясы.

#### **Киелі жазбаларда қамтылған пайғамбарлар және олардың сөздері.**

“Зәбур” сөзінің зерттелу тарихы. Зәбурдің діни-философиялық мазмұны мен мағынасы. Зәбурге байланысты християн және мұсылмандар діндар ғалымдардың зерттеулері. Зәбур туралы Таурағы және Інжілдегі мәліметтер және оларды Құранмен сәйкестендіріп зерттеу. Інжілде, Зәбурда және Құранда айтылған пайғамбарлар. Алғашқы пайғамбарлар. Яшу. Хәкімдер. Алғашқы және екінші Самуэл. Алғашқы және екінші патшалар. Кейінгі пайғамбарлар. Имайя, Иеремия. Езекиел. Иион. Амос. Обадия. Тсефания. Халгай. Закария. Макоми.

#### **Інжіл - көне мұра.**

Христиандықтың қасиетті кітаптар жиынтығы. Інжілдік кітаптардың пайда болуы. Апокрифтар. Ежелгі және Жаңа өсиет кітаптарының жүйесі. Қасиетті жазба және қасиетті ақыздар. Інжілдің тілі және аудармалары. Інжілді ғылыми түрғыда зерттеудің даму тарихы. Інжілдің тарихы және археологиялық жаңа мәліметтермен толықтырылуы. Інжілдің дүниежүзілік мәдениеттегі орны.

Б. Спиноза (Діни-саяси трактат), Б. Бауер (Синоптикалық евангелилерді сынау). Дж. Фрезер (Көне өсиеттегі фольклор). З. Косидовский (Інжілдік әңгімелер). М. Рижский (Иова кітабы).

#### **Құран Қәрім және оның зерттелуі.**

Құранның ашылуы туралы дәстүрлі мұсылмандық концепция. Құран сүрелерінің жүйеленуі және Құран текстерінің пайда болу тарихы. Алғашқы Құран жинағы. Осман редакциясы. Құран текстерінің жүйесі, құрылышы,

жалпылама мінездемесі және мазмұны. Меккелік және Мединелік сүрелердің орналасу принциптері. Сүрелердің атауларына қатысты мәселелер. Құран текстерінің хронологиясы. Мұсылман экзегеттари мен қазіргі зерттеулердің көзқарастарын салыстыру. Құранның тарихи дерек ретіндегі құндылығы. Құрандағы ғасырлардың идеялық-саяси, әлеуметтік және этикалық шындығының көріністері. Құранның әдеби мұра ретіндегі құндылығы. Құран Кәрімнің тілі, стилі, ораторлық проза, текстердегі “диалогтық” фрагменттер. Құранның тіліне байланысты ғылыми пікір таластар. Құрандық экзегетика-тафсирлер және осы мәселеге байланысты белгілі шығармалар.

Тафсирлар : Ат-Табари (838-923), ат-Туси (қайтқан ж. 1067), аз-Замахшари әл-Байдави (қайтқан ж. 1282-1316), ар-Рази (қайт. ж. 1209), Джалал ад-Дин әл-Махалли (қайт. ж. 1459), Джалал ад-Дин ас-Суюти.

19-20 ғғ. Мұсылмандық реформаторлық экзегетика. Мұхаммад Абдо мен Рашид Ридын “Әл-Манар Тафсири”. Тафсирлердің Европалық дәстүрмен ғылыми зерттелуі. Тафсирлерге байланысты көзқарастардың әртүрлілігі. Құран басылымдарының шығу тарихы. Құранның аудармалары. (Р. Белл, Р. Блашер, Р. Парет, А. Арберри). Құранның орыс тіліндегі аудармалар. Құранға байланысты анықтамалық әдебиеттер жүйесі: Энциклопедиялар, сөздіктер, сілтемелер, библиографиялық анықтамалар. Құранның қазақ тіліндегі аудармалары және олармен жұмыс істеу жолдары.

### **Ортахеттік әдеби ескерткіштер.**

Ортағасырдағы Хеет патшалығы туралы тарихи деректер. Ортахеет кезеңіндегі Контуцилис дұғасы. Контуцилистік ойлардың Көне өсietpen үқастығы. Контуцилис дұғасының жанры мен поэтикалық үлгісі. Дұғаның философиялық және лирикалық деңгейіне берілген ғылыми тұжырымдар. Ортахеет кезеңіндегі көне иероглиф және клинопис жазулары. Орхееттік жазулардың зерттелу деңгейлері.